

«KazakhExport» ЭСҚ» АҚ  
Директорлар кеңесінің  
2020 жылғы 27 ақпандағы (№1 хаттама)  
шешімімен бекітілді

**Экспорттауышының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-  
құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары**  
*(2023 жылғы 01 желтоқсандағы өзгерістерді ескере отырып)*

**Астана қ., 2022 жыл**

## ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙНДЕМЕ

ІНҚ атауы	Экспорттаушының қаржы ұйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру департаменті
Колжетімділік деңгейі	Жалпыға колжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискіге ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату
«KazakhExport» ЭСҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 желтоқсандағы шешіміне сәйкес № 1 өзгерістер енгізілді	2022 жылғы «23» желтоқсандағы № 14
«KazakhExport» ЭСҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 01 желтоқсандағы шешіміне сәйкес № 2 өзгерістер енгізілді	2023 жылғы «01» желтоқсандағы № 17

## Мазмұны

<b>Тараудың, параграфтың атауы</b>		<b>Бет нөмірі</b>
<b>Тараудың, параграфтың нөмірі</b>		
1-тарау	Жалпы ережелер	4
2-тарау	Анықтамалар мен терминдер	4
3-тарау	Сақтандыру обьектісі	6
4-тарау	Сақтандыру жағдайлары	6
5-тарау	Сақтандыру шартын жасасу тәртібі	6
6-тарау	Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу	7
7-тарау	Кепілдіктер	9
8-тарау	Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны	9
9-тарау	Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі	9
10-тарау	Сақтандыру сыйлықақысы	9
11-тарау	Таралтардың құқықтары мен міндеттері	10
12-тарау	Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары	14
13-тарау	Сақтанушының және (немесе) пайда алушының сақтандыру жағдайы орын алған кездегі іс-эрекеттері	15
14-тарау	Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі	15
15-тарау	Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары	16
16-тарау	Сақтандыру шартын тоқтату талаптары	18
17-тарау	Суброграмма	18
18-тарау	Қосымша шарттар	19
19-тарау	Дауларды шешу тәртібі	19

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы экспорттаушының қаржы үйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді және экспорттаушылардың міндеттемелері бойынша берілген (шығарылған) кепілдіктер бойынша төлемдерді жүзеге асыруға байланысты экспорттаушының қаржы үйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын жасасу тәртібі мен талаптарын айқындайды.

2. Осы Қағидалардың талаптары бойынша бұдан әрі «Сақтандырушы» деп аталатын «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы экспорттаушының қаржы үйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттарын (бұдан әрі - Сақтандыру шарты немесе Шарт) жасасады.

## **2-тaraу. Анықтамалар мен терминдер**

3. Осы Қағидалардың мақсаты экспорттаушылардың міндеттемелері бойынша берілген (шығарылған) кепілдіктер бойынша төлемдерді жүзеге асыруға байланысты экспорттаушының қаржы үйымдары алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шарттарын айқындау болып табылады.

4. Осы Қағидаларда мынадай үгымдар пайдаланылады:

1) **Аппликант**- міндеттемелері бойынша және оның тапсырмасы бойынша бенефициардың пайdasына кепілдік берілетін экспорттаушы;

2) **Банкроттық**- Сақтанушының заңды күшіне енген сот шешімімен танылған, оны таратуға негіз болып табылатын дәрменсіздігі;

3) **Шартсыз франшиза** - Сақтандыру шартында белгіленген, Сақтандыру төлемінен шегерілетін сома. Шартсыз франшиза сақтандыру сомасына пайызben немесе абсолютті мөлшерде белгіленеді;

4) **Бенефициар** - пайdasына кепілдік берілетін және осыған байланысты кепілдік бойынша талап қоюға құқылы шетелдік контрагент;

5) **Пайда алушы**- сақтандыру шартына немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын кепілгер. Пайда алушыны оның сақтанушымен келісімінен туындағанда Сақтандыру шарты бойынша белгілі бір міндеттерді орындағаннан немесе сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде талап қойғаннан кейін басқа тұлға алмастыра алмайды;

6) **Кепілгер**- Аппликанттың Бенефициар алдындағы міндеттемелері бойынша бенефициардың пайdasына кепілдік беретін (шығаратын) қаржы үйимы;

7) **Кепілдік-жазбаша** келісім (хабарлама), оған сәйкес Аппликант Бенефициар алдындағы өз міндеттемелерін орындаған және (немесе) тиісінше орындаған кезде кепілгер бенефициарға осы жазбаша келісімде (хабарламада) көрсетілген белгілі бір ақша сомасын төлейді. Кепілдік шартты жасасуға және (немесе) орындауға байланысты кепілдік беру туралы шарт талаптарында кепіл беруші бенефициардың пайdasына береді (шығарады). Осы Қағидалар шеңберінде кепілдіктерге: аванстық төлемді қайтару кепілдігі, келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау кепілдігі, тендерлік кепілдік және кепілгер берген (шығарған) кепілдіктердің өзге де түрлері жатқызылуы мүмкін;

**Қағидалардың 4-тартылғаның 8) тармақшасы Қогамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы \_01 желтоқсандағы № 17 шешіміне сәйкес мынадай редакцияда жазылды.**

8) **Сақтандыру шарты** - Экспорттаушының Қаржы үйимы (Кепілгер/Пайда алушы) алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты, оған сәйкес

**Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде Пайда алушыға Сақтандыру шартында айқындалған Сақтандыру сомасының шегінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;**

**9) Кепілдік беру туралы шарт-** Кепіл беруші мен Аппликант арасындағы Бенефициар алдындағы Аппликанттың міндеттемелері бойынша бенефициардың пайдасына кепілдік беру (беру, шығару) туралы жазбаша келісім;

**10) Шетелдік контрагент-** сатып алушы, тапсырыс беруші ретінде әрекет ететін және Экспорттаушымен келісімшарт жасасқан шет мемлекеттің заңды немесе жеке тұлғасы;

**11) Келісімшарт-** Экспорттаушы мен Шетелдік контрагент арасындағы қазақстандық тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің экспорттына арналған жазбаша келісім;

**12) Құту кезеңі-** Сақтандыру шартында белгіленген уақыт кезеңі, бұл кезең аяқталғаннан кейін Сақтандыру жағдайы басталған болып есептеледі. Құту кезеңі Сақтандырушы Пайда алушыдан Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабарлама алғаннан кейінгі келесі күні басталады;

**13) Сақтандырушы-** Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Шартта белгіленген Сақтандыру сомасы шегінде Пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жүргізуге міндettі «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы;

**14) Сақтанушы-** Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасасқан Аппликант.

**15) Сақтандыру төлемі-** Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру сомасы шегінде төлейтін, қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

**16) Сақтандыру сыйлықақысы-** Сақтанушының Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Пайда алушыға Сақтандыру шартында айқындалған мөлшерде Сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтандырушыға төлеуге міндettі қазақстандық теңгемен көрсетілген ақшалай сома;

**17) Сақтандыру сомасы-** сақтандыру обьектісі сақтандырылған және Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін, қазақстандық теңгедегі ақшалай сома.

**18) Сақтандыру тәуекелі-** орын алуы мүмкін болатын жағдайға Сақтандыру шарты жасалатын Пайда алушы үшін залалға әкеп соғатын болжамды оқиға (сақтандыру жағдайы);

**4-тармақ Қогамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы №14 шешіміне сәйкес 18-1) тармақшамен толықтырылды**

**18-1) Сақтандыру оқиғасы-** нәтижесінде Сақтанушының мүліктік мүдделеріне залал келтірілуі мүмкін және кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылуы мүмкін оқиға;

**19) Сақтандыру жағдайы-** орын алған кезде Сақтандыру шартында Сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделетін оқиға;

**20) Сақтандыру мүддесі-** бұл Сақтанушының тәуекелдерді болдырмауға және Сақтандыру жағдайының орын алуына жол бермеуге деген мүліктік мүддесі;

**Қагидалардың 4-тармагының 21) тармақшасы Қогамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 01 желтоқсандағы № 17 шешіміне сәйкес мынадай редакцияда жазылды.**

**21) Шығын** - Сақтанушының Қаржы үйыми (Кепілгер/Пайда алушы) алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілік бойынша міндеттемелерді орындауы нәтижесінде туындаған, Кепілдік бойынша төлемді жүзеге асырған және Сақтанушының кепілдік беру туралы шарттың күшімен өтеуге жататын, Сақтанушының берілген (шығарылған) кепілдік бойынша төлемдерді қайтаруға тікелей міндеттемесін көздейтін залал. Осы Қагидалар шенбөрінде шығын деп бенефициардың пайдасына кепілдік бойынша төлемді пайда алушының жүзеге асыруы нәтижесінде пайда болған Сақтанушының пайда алушы алдындағы берешегінің сомасын ғана түсіну керек. Залал анықтамасына Сақтанушының Пайда алушы алдында жіберіп алған пайданы өтеу (төлеу) бойынша берешегінің; тұрақсыздық айыбы, айыппұлдар, өсімпұлдар; есептелген және мерзімі өткен сыйақылар, комиссиялар және

Кепілдік беру шартында көзделген өзге де төлемдер; моральдық залал; сот шығасылары мен шығындарының, оның ішінде Кепілдік беру шарты бойынша берешекті өндіріп алуға; сондай-ақ басқаның ақшасын заңсыз пайдаланудан келтірілген залалдарды өндіріп алуға сотқа органдарына жүгінуге байланысты сот шығасыларының туындауы кірмейді.

22) Қаржы ұйымы- қаржылық қызметтер көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және кепілдік беруге (шығаруға) құқығы бар заңды тұлға;

23) Экспорттаушы- қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағидалардың мәтінінде жекеше немесе көпше түрде, бас әріппен немесе кіші әріппен пайдаланылуына қарамастан, осы тарауда айқындалған мағынада түсініледі.

### **3-тарау. Сақтандыру объектісі**

5. Сақтанушиның Пайда алушыға залалды өтеу міндетіне байланысты мұліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылады.

### **4-тарау. Сақтандыру жағдайлары**

**Қағидалардың 6-тармагы Қогамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 01 желтоқсандағы № 17 шешіміне сәйкес мынадай редакцияда жазылды.**

6. Осы Қағидалардың талаптары бойынша Сақтанушиның Кепілдікке сәйкес Бенефициардың пайдасына ақша сомасын төлеуген Қаржы ұйымы (Кепілгер/Пайда алушы) алдындағы өз міндеттемелерін орындағаны және/ немесе тиісінше орындағаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталуы нәтижесінде залалдың туындау фактісі Сақтандыру жағдайы болып табылады.

7. Сақтандыру жағдайы осы тарауда және сақтандыру шартында айқындалған және залал келтірген оқиғаның басталу фактісі болып табылады.

8. Сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға төменде тізімделген барлық белгілерге ие болуы тиіс:

1) оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтығы;

2) оқиғаның орын алуының нақты уақытына немесе орнына, сондай-ақ оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі залалдар көлеміне қатысты болжанбайтындығы;

3) Тараптары немесе, ең болмағанда, Сақтануши көрінеу білген немесе алдын ала хабардар болған, оқиға Сақтандыру шартының қолданылуы шегінде сөзсіз және объективті түрде орын алу мүмкіндігі тәуекелінің болмауы;

4) оқиғаның орын алуы Сақтанушиның мұліктік мүддесі үшін теріс, тиімсіз экономикалық салдарға ие;

5) оқиғаның орын алуы Сақтанушиның ерік білдіруіне және (немесе) пиғылына байланысты емес және пайда алу және (немесе) ұтысқа ие болу (алыпсатарлық тәуекел) мақсатын көздемейді.

### **5-тарау. Сақтандыру шартын жасасу тәртібі**

9. Сақтандыру шарты сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылатын осы Қағидалардың талаптарына сәйкес сақтануши мен пайда алушының жазбаша өтініштері негізінде жасалады.

10. Сақтандыру шартын жасасу үшін Сақтандырушы Сақтанушидан сақтандыру тәуекелін сипаттайтын құжаттарды талап етуі мүмкін.

11. Сақтанушы Сақтандырушының жазбаша сұрауларына жауаптарды қоса алғанда, Сақтандыру шартын жасасу үшін ұсынылған деректердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілік көтереді.

12. Сақтандыру шарты жазбаша нысанда жасалады және мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) сақтандырушының атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері;
- 2) сақтанушының (егер жеке тұлға болып табылса) тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басты қуәландыратын құжатта көрсетілсе) және тұрғылықты жері немесе оның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері (егер заңды тұлға болып табылса);
- 3) сақтандыру объектісін көрсету;
- 4) сақтандыру жағдайын көрсету;
- 5) сақтандыру сомасының мөлшері, сақтандыру төлемін жүзеге асыру тәртібі мен мерзімдері;

6) сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (сақтандыру сыйлықақыларының мөлшері - сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу кезінде), оларды төлеу тәртібі мен мерзімдері;

7) шарттың жасалған күні және қолданылу мерзімі;

8) пайда алушы туралы нұсқау;

9) шарттың (сақтандыру полисінің) нөмірі, сериясы;

10) шарт талаптарына өзгерістер енгізу жағдайлары мен тәртібі;

11) сақтанушының өзіне белгілі болған, шарт жасасу кезінде сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушыға дереу хабарлау міндепті;

12) сақтанушыны және (немесе) пайда алушыны сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті жетіспейтін құжаттар туралы хабардар ету мерзімдері;

13) сақтандыру сомасы валютасының, сақтандыру төлемінің және сақтандыру сыйлықақысының түрі;

14) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және сақтанушы экономикасының секторын көрсету;

15) сәйкестендіру нөмірін, резиденттік белгісін және пайда алушыны экономикасының секторын көрсету;

16) сақтандыру мүддесінің болуы;

17) шартсыз франшиза туралы шарт.

13. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру шартына өзге де талаптар енгізілуі мүмкін.

14. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс талаптардың толық еместігі үшін сақтандырушы жауапкершілік көтереді. Сақтандыру шартының жекелеген талаптарының толық болмауынан дау туындаған жағдайда, дау сақтанушының пайдасына шешіледі.

15. Заңды тұлға болып табылатын сақтанушы және (немесе) пайда алушы сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде қайта үйымдастырылған кезде оның сақтандыру шарты бойынша құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалған тәртіппен тиісті құқықтық мирасқорға ауысады.

**Қағидалардың 5-тaraуы Қогамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы №14 шешіміне сәйкес 15-1-тarmaқпен толықтырылды**

15-1. Сақтандыру шарттары тараптар арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

#### **6-taraу. Сақтандыру жағдайларынан ерекшеліктер және сақтандыруды шектеу**

16. Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғауы төмендегінің салдарынан келесі Сақтандыру жағдайларының басталу нәтижесінде туындаған Залалдарды өтемейді:

1) ядролық жарылыс, радиация немесе радиоактивті ластану, соғыс қимылдары, азаматтық соғыс, кез-келген түрдегі халық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер әсері;

2) сақтандыру шартын жасасқанға дейін туындаған оқиғалар;

3) Сақтанушының кепілдіктермен операциялар жүргізуін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын, сондай-ақ Халықаралық сауда палатасы жариялайтын, сақтандыру жағдайының басталуына тікелей немесе жанама әкеп соққан кепілдікті және (немесе) кепілдік беру туралы шартты орындауына және (немесе) тиісінше орындауына себеп-салдарлық байланыстағы Халықаралық әдет-ғұрыптар мен қағидаларды бұзы;

4) осы Қағидалардың 4-тарауында көрсетілген және сақтандыру шартында көрсетілмеген оқиғаларға байланысты емес оқиғалар.

5) сақтандырушиның жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарттан туындастырылған құқықтарды және (немесе) міндеттемелерді беру;

6) сақтандыру шартын жасасу күніне және (немесе) сақтандыру шартын ұзарту күніне орын алған мемлекеттік органның іс-әрекеттері

17. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыруши:

1) Сақтандыру сомасының мөлшерінен асатын немесе Сақтандыру шартында көзделмеген залалдарды өтеу туралы кез келген талаптар үшін;

2) төмендегіге байланысты немесе оған қатысты туындаған кез-келген Залалды немесе шығындарды өтеу үшін:

- кез келген ядролық отыннан немесе кез келген ядролық қалдықтардан ластанудан немесе радиоактивтіліктен немесе ядролық отынды жағу нәтижесінде иондауышы сәулелену;

- кез келген ядролық қондырғының, реактордың немесе олардың ядролық жинағының, сондай-ақ ядролық компоненттің радиоактивті, уытты, жарылыс қаупі бар немесе басқа да қауіпті немесе ластаушы қасиеттері;

- атом немесе ядролық реакцияны және/немесе синтезді, сондай-ақ басқа да ұқсас реакцияларды, радиоактивті күшті немесе затты пайдаланатын кез келген әскери қару;

- кез келген радиоактивті заттың радиоактивті, уытты, жарылғыш немесе басқа қауіпті немесе ластаушы қасиеттері. Осы тармақта, егер мұндай изотоптар коммерциялық, ауыл шаруашылығы, медициналық, ғылыми немесе басқа да осындай бейбіт мақсаттарда дайындалса, тасымалданса, сақталса немесе пайдаланылса, ядролық отыннан басқа радиоактивті изотоптарға қолданылмайды;

- кез-келген химиялық, биологиялық, биохимиялық немесе электромагниттік қарудың әсері.

18. Сақтандырушиның Сақтандыру шартында көрсетілген өзге негіздерден басқа Сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуы үшін мыналар негіз болуы мүмкін:

1) Сақтанушының Сақтандырушиға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Пайда алушының осы Қағидаларда көзделген суброгация жөніндегі шарттарды бұза отырып, залалға жауапты тұлғадан немесе үшінші тараптан залалды толық не ішінара өтеуін алуы;

3) Сақтанушының Сақтандырушиға Сақтандыру жағдайының орын алу жайттарын тергеуде және оған келтірілген залалдың көлемін анықтауда кедергі жасауы;

4) Пайда алушының Суброгация бойынша шарттарды орындауы;

5) Сақтанушының немесе Пайда алушының осы Қағидалардың 7-тарауында көрсетілген қандай да бір кепілдіктерді қадағаламауы;

6) Пайда алушының және (немесе) Сақтанушының Шетелдік контрагентпен үлестес болуы;

7) Сақтанушының шығынды азайту бойынша шараларды қасақана қабылдамауы;

8) сақтанушыға және (немесе) пайда алушыға сақтандыру жағдайының басталуы туралы белгілі болған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтанушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) салдары

сақтандыру жағдайының басталуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы;

9) Пайда алушының Сақтанушыға өзінің талап ету құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап ету құқығын сақтандырушыға өтуі үшін қажетті құжаттарды сақтандырушыға беруден бас тартуы.

19. Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайларынан өзге ерекшеліктер және сақтандырудың өзге де шектеулері көзделуі мүмкін.

## **7-тaraу. Кепілдіктер**

20. Сақтанушы мен Пайда алушы мынаған кепілдік береді және келіседі:

1) олар Сақтандыру шартын жасасу және (немесе) ұзарту қуніне Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру жағдайына алып келуі мүмкін қандай да бір талаптарды, шарттарды немесе оқиғаларды білмейді және Сақтанушы және Пайда алушы ұсынған барлық ақпарат шынайы және дұрыс болып табылады және ешқандай маңызды ақпарат жасырылмаған;

2) олар сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кезінде барлық жауапкершілікпен және сақтандыру шартын жасамаған жағдайдағыдай әрекет етеді және залалды болдырмау, азайту және/немесе өтеу үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайтын болады;

21. Сақтанушы мен Пайда алушы құпиялылықтың сақталуына кепілдік береді, яғни ол қандай да бір уақытта Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз Шетелдік контрагентті қоса алғанда, қандай да бір тарапқа сақтандыру шартының болу фактісін ашпайды.

22. Сақтандыру шартында қосымша кепілдіктер мен ерекше талаптар көзделуі мүмкін.

## **8-тaraу. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі мен орны**

23. Сақтанушы Сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, ал бөліп төлеген жағдайда - бірінші сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезде, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты күшіне енеді және тараптар үшін міндettі болады.

24. Сақтандыру шарты Қагидалардың 16-тарауына сәйкес өз қолданысын тоқтатады.

25. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі Сақтандыру шартының қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

26. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі кепілдіктің қолданылу мерзіміне сәйкес келеді.

27. Сақтандыру шартының қолданылу орны (сақтандыру аумағы) сақтандыру шартында көрсетілген аумаққа ғана қолданылады.

## **9-тaraу. Сақтандыру сомасын айқындау тәртібі**

28. Сақтандыру сомасы шарт тараптарының келісімімен пайда алушы кепілдік бойынша төлемді жүзеге асыру нәтижесінде туындауы мүмкін залал сомасы шегінде белгіленеді.

29. Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру сомасының мөлшері пайда алушы жүзеге асырған кепілдік бойынша төлем сомасын негізге ала отырып, сақтандыру обьектісінің құны негізінде тараптардың келісімі бойынша айқындалады.

## **10-тaraу. Сақтандыру сыйлықақысы**

30. Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шартында белгіленеді. Сақтандырушы сақтанушыдан алған сақтандыру сыйлықақысы оған меншік құқығымен тиесілі.

**Қагидалардың 31-тармагы Қогамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)**

31. Сақтандыру шарты бойынша төленуге жататын Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері Сақтандырушы өзірлеген Сақтандыру сомасына қолданылатын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы біржолғы немесе мерзімді сақтандыру жарналары түрінде бөліп төлеуге тиіс. Сақтандыру сыйлықақысы қолма-қол ақшасыз нысанда төленуге тиіс.

32. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы ақшасыз нысанда бір төлеммен немесе бөліп төлеуі тиіс.

**33. Қогамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы №14 шешіміне сәйкес алынып тасталды**

**Қагидалардың 34-тармагы Қогамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы №14 шешіміне сәйкес жазылды**

34. Сақтандыру сыйлықақысы мерзімі кешіктірілген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде сақтандыру сыйлықақысы төленбеген жағдайда Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады, бұл туралы сақтандырушы сақтанушыға және пайда алушыға хабарлайды.

**35. Қогамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы №14 шешіміне сәйкес алынып тасталды**

**36. Қогамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы №14 шешіміне сәйкес алынып тасталды**

37. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлегенге дейін сақтандыру жағдайы басталған кезде, егер сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын уақтылы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзса, Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуга құқығы бар.

## **11-тaraу. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

38. Сақтанушы мынаған құқылы:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылығы туралы ақпаратты талап ету;

2) Сақтандырушыдан Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Пайда алушыға Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап ету;

3) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

4) Сақтандырушыдан осы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру шарттарын, өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету.

**Қагидалардың 39-тармагы Қогамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы шешіміне сәйкес жазылды (№14 хаттама)**

39. Сақтанушы мынаған міндетті:

1) Сақтандырушыға өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар барлық жайттар туралы хабарлау;

2) бүкіл кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысын сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде толық көлемде төлеуге міндетті;

3) өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлау;

4) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы сақтанушыға осындай оқиғаның басталғаны туралы белгілі болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде хабарлау;

5) шығынды азайту үшін шаралар қабылдау;

6) Сақтандырушыға Сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, шығынның сипаты мен мөлшері туралы айтуға мүмкіндік беретін барлық ақпаратты беру;

7) Сақтандырушының бірінші талабы бойынша сақтандырушының банктік шотына ақша аудару жолымен оның жазбаша хабарламасында көрсетілген мерзімде Сақтандырушының алдындағы сақтандыру төлемі бойынша берешекті өтеуге, оның ішінде сақтандырушының алдын ала жазбаша келісімімен меншік құқығындағы мүлікті өз бетінше сату жолымен Сақтандырушының алдындағы берешекті өтеуге;

8) сақтандырушыға өзіне Өткен талап ету құқығын іске асыруда кедергі жасамау;

9) сақтандырушыға Сақтандырушының сұрау салуы келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтанушыда Сақтандырушының алдында туындаған берешекті өтеу тәртібіне қатысты барлық құжаттар мен ақпаратты беруге;

10) пайда алушының және (немесе) Сақтандырушының бірінші талабы бойынша оның өкілдеріне сақтанушының қаржы-шаруашылық қызметін оның өндірістік (сауда) объектілерін тікелей қарап-тексеру және (немесе) пайда алушыға және (мерзімге, көлемге) қажетті шарттарда Қаржы-шаруашылық қызметі туралы құжаттар мен ақпаратты ұсыну арқылы тексеру мүмкіндігін беру (немесе) сақтандырушыға;

11) сақтандырушыға және пайда алушыға ол жіберген келісімшарттың барлық бұзушылықтары туралы, сондай-ақ сақтанушының келісімшарт бойынша және (немесе) кепілдік беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін барлық жайттар туралы жазбаша хабарлау;

12) Пайда алушы Кепілдік беру шарты бойынша берешекті өтеу туралы талаптар қойған жағдайда, қалыптасқан жағдайда өз міндеттемелерін тиісінше орындауға барлық қисынды және қолайлышараларды қабылдау;

13) сақтандырушыдан Келісімшарт бойынша міндеттемелердің орындалуы ақпарат беру туралы жазбаша сұрау салуды алған кезде оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сақтандырушыға сұрау салуда көрсетілген ақпаратты жазбаша нысанда беру;

14) банк деректемелері және (немесе) орналасқан жері өзгерген кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандырушы мен пайда алушыны жазбаша хабардар етсін;

15) сақтандырушыға және пайда алушыға олар пайда болған сәттен бастап шетелдік контрагент тараپынан кез келген шағымдарды ұсыну;

16) Бенефициар кепілдік бойынша талап қойған жағдайда, сақтандырушының сұрауы бойынша растайтын құжаттарды қоса бере отырып, талап ету себептері туралы сақтандырушыға дереу хабарлау, сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері, барысы мен салдары, залалдың сипаты мен мөлшері туралы соттауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты беру;

17) сақтандырушы пайда алушының пайдасына сақтандыру төлемін жүзеге асырғаннан кейін Сақтандырушының сұрауы бойынша 180 (бір жүз сексен) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушының пікірі бойынша негіздер болған кезде кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарт бойынша талаптардың заңсыздығын дәлелдеу жөніндегі заңды шаралар қабылдау;

18) кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарт бойынша Талаптың заңсыздығы анықталған жағдайда сақтандырушыға пайда алушыдан немесе үшінші тұлғалардан, оның ішінде бенефициардан төленген соманы қайтару бойынша толық жәрдем көрсету;

19) сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан және кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарт бойынша талаптың заңдылығы белгіленгеннен кейін сақтандырушының алдында (оның сақтанушыға қойылатын талап құқығының мөлшерінде) өзінің барлық мүлкімен жауап беру.

#### 40. Сақтандырушы мынаған құқылы:

1) Пайда алушы мен Сақтанушы ұсынған ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ сақтанушының және (немесе) пайда алушының кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарттың талаптары мен талаптарын орындаудың тексеру;

2) Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен жайттарын дербес анықтау, оның ішінде Сақтанушыға, Пайда алушыға, Шетелдік контрагент және құзыретті органдарға сұрау салу;

3) Пайда алушыдан және Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының фактісін, оның туындау жайттарын анықтау үшін қажетті ақпаратты талап етуге құқылы;

**Қағидалардың 40-тармагының 4-тармақшасы Қогамның Директорлар кеңесінің  
23.12. 2022 жылғы №14 шешіміне сәйкес жазылсын**

4) осы Қағидалардың 16-тарауына сәйкес Сақтандыру шартын тоқтату;

5) сақтанушының қаржылық жағдайын кез келген уақытта, сақтанушыдан Сақтанушының қаржылық жағдайын растайтын кез келген анықтамалар мен құжаттарды сұратуды қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей тексеру;

6) Сақтанушының банктік шоттарындағы ақша сомаларын қоса алғанда, Сақтанушының сақтандырушы алдындағы берешегін өтеу үшін сомалар жеткіліксіз болған жағдайда, сақтандырушы жетіспейтін соманы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Сақтанушының өзге мүлкі есебінен алуға құқылы;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін жүзеге асыру нәтижесінде туындаған берешек сомасын Сақтанушының кез келген банктік шоттарынан алып қоюға (есептен шығаруға) не банктік шоттарды тікелей дебеттеу жолымен Сақтанушының банкте ашылған банктік шоттардан ақшаны есептен шығаруға құқылы. Сақтанушының банктік шоттарын тікелей дебеттеу үшін сақтандыру шарты және сақтандышуның сақтандырушыға берешегін растайтын құжаттар негіз болып табылады;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен сақтанушыдан берешекті өндіріп алу үшін үшінші тұлғаларды тартуға құқылы;

9) сақтандыру төлемі бойынша берешекті ерікті түрде төлеуден бас тартқан жағдайда сақтандыдан өсімпұлды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алу;

10) сақтандыру шарты бойынша сақтандырушыда туындаған сақтанушыға қойылатын талап құқығын үшінші тұлғага беру;

11) сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандыдан және/немесе кепілгерден сақтандыру төлемі бойынша берешекті сотқа дейінгі/сот тәртібімен өтеуді талап ету.

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де іс-әрекеттер жасау;

41. Сақтандырушы мынаған міндетті:

1) Сақтанушыны және Пайда алушыны осы Қағидалармен таныстыру және олардың талабы бойынша осы Қағидалардың көшірмесін ұсыну (жіберу);

2) Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы жоғалтқан жағдайда Сақтандыру шартының дубликатын беру, содан кейін жоғалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп есептеледі және ол бойынша Сақтандыру төлемі жүргізілмейді.

3) оқиға Сақтандыру жағдайы деп танылған жағдайда Сақтандыру шартында белгіленген көлемде, тәртіппен және мерзімде Сақтандыру төлемін жүргізу;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

5) егер осы шығыстар сақтандырушымен келісілген болса, пайда алушыға сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды азайту үшін жұмсаған шығыстарын өтеу;

6) Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы не олардың өкілдері сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Сақтанушыны және (немесе) Пайда алушыны жетіспейтін құжаттар туралы 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде хабардар етуге міндетті, бұл ретте күту кезеңі жетіспейтін құжаттарды алған күнге дейін тоқтатыла тұрады;

42. Пайда алушы мынаған құқылы:

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылығы туралы ақпаратты талап ету;

2) Сақтандырушыдан Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтандыру төлемін жүзеге асыруды талап ету;

3) сақтандыру шарты жоғалған жағдайда оның телнұсқасын алу;

43. Пайда алушы мынаған міндепті:

1) Сақтандырушыға өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелін бағалау және сақтандырушының Сақтандыру шартын жасасу туралы шешім қабылдауы үшін елеулі маңызы бар барлық жайттар туралы хабарлау;

2) Қағидалардың 7-тарауында көрсетілген барлық шарттарға кепілдік беру және оларды орындау;

3) Сақтандырушыға Сақтандыру шартын жасау және іске асыру үшін қажетті барлық мәліметтерді ұсыну;

4) Сақтандырушыға келесі фактілер анықталған кезде ауызша және жазбаша кідіріссіз хабарлау:

– Бенефициар кепілдік талаптарын қоюға ниетті;

– Бенефициар «ұзарту немесе төлеу» талабын қояды;

– Бенефициар кепілдік талаптарын қойды.

5) өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына елеулі әсер етуі мүмкін болса, Сақтандырушыға дереу хабарлау;

6) сақтандырушыға сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін оқиғаның басталғаны туралы Пайда алушыға осындай оқиғаның басталғаны туралы белгілі болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде хабарлау;

7) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының алдын ала келісімімен іс-әрекеттерді жүзеге асыру;

8) шығынды азайту үшін шаралар қабылдау;

9) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға болған кезде сақтандырушыға Қағидалардың 14-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсыну;

10) сақтандырушыға пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғага талап ету құқығын растайтын құжаттарды тиісінше беруге міндепті;

11) егер жалған ақпарат беру арқылы алынғаны дәлелденсе, сақтандырушыға сақтандыру төлемі мөлшеріндегі соманы қайтару;

12) сақтандырушыға залалды сотқа дейін реттеу бойынша қабылданған шаралар туралы жазбаша түрде хабарлама жіберу;

13) сақтандырушының жазбаша талабы бойынша мониторинг мақсатында сақтандырушы сұратқан шарттардың, төлем тапсырмаларының және кредиттік досьеде қамтылған өзге де құжаттардың пайда алушымен расталған көшірмелерін беруге;

14) оңалту рәсімі қозғалған немесе Сақтанушы банкрот болған жағдайда, егер осы рәсімдер сақтандырушыға талап ету құқықтары берілген күнге дейін қозғалған болса, пайда алушы кредиторлар комитетінің құрамына кіруге міндепті;

15) сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде Сақтанушының қаржылық жағдайына мониторингті жүзеге асыру және сақтандырушының бірінші сұрау салуы бойынша: сақтанушының қаржылық жағдайын және кепілдік беру туралы шарт бойынша Тараптардың міндептемелерінің орындалуын растайтын кез келген анықтамалар мен құжаттарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей ақпарат беру;

16) жүргізілген мониторинг корытындылары бойынша Сақтандырушыны Сақтанушының қаржылық жағдайының нашарлауы туралы жазбаша хабардар ету;

17) сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап сақтанушыдан және (немесе) үшінші тұлғалардан залалды өтеу есебіне түсетең барлық төлемдерді пайда алушы қабылдауға және кепілдік беру туралы шарт бойынша берешекті өтеуге жіберуге тиіс. Бұл ретте пайда алушы сақтандырушыға осындай төлемдердің түскені туралы жазбаша нысанда хабарлайды, ал

сақтандыруши өз кезегінде сақтандыру төлемінің сомасын өтелген берешек сомасына азайтады;

18) сақтандыруши міндеттемелерді орындаған жағдайда, пайда алушы ешқандай негіздер мен жайттар кезінде сақтанушының сақтандыру сомасы шенберінде пайда алушы алдындағы берешегін ұлғайта алмайды;

19) сақтандырушиға сақтандыру төлемін жүзеге асыру нәтижесінде сақтандыруши алған құқықтарды жүзеге асыруға кедергі келтірмеу;

20) егер пайда алушының әрекеттері сот шешімімен белгіленген сақтандырушиға талап ету құқығының ауысуына кедергі келтірген жағдайда, сақтандырушиға сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде қайтаруға құқылы.

21) сақтандыру жағдайы басталған кезде пайда алушының сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты сақтанушыға төленген сома шегінде сақтанушыға талап ету құқығының сақтандырушиға өтуін қамтамасыз ету.

## **12-тaraу. Сақтандыру шартының қолданылуы кезеңінде сақтандыру тәуекелінің ұлғаю салдары**

44. Пайда алушы өзіне белгілі болған, Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандырушиға хабарланған жайттардағы елеулі өзгерістер туралы, егер бұл өзгерістер сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, сақтандырушиға Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде жазбаша хабарлау.

45. Кез келген жағдайда келесі өзгерістер маңызды деп танылады:

- 1) кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарттың талаптарын өзгерту;
- 2) кепілдік және (немесе) кепілдік беру туралы шарт бойынша тараптардың өзгеруі;
- 3) кепілдік берілетін мәмілелер шарттарын өзгерту;
- 4) келісімшарттың кез-келген шарттарын өзгерту.

46. Сақтандыру шартында сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әсер ететін басқа да елеулі өзгерістер ескертілуі мүмкін.

47. Пайда алушы осы Қағидалардың 44-тармағында көзделген міндетті орындаған кезде Сақтандыруши Сақтандыру шартын бұзуды және Сақтандыру шартын бұзудан келтірілген залалды өтеуін талап етуге немесе Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру төлемінің көлемін сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына мөлшерлес азайтуға немесе Сақтандыру төлемінен бас тартуға құқылы.

## **13-тaraу. Сақтанушының және (немесе) пайда алушының сақтандыру жағдайы орын алған кездегі іс-әрекеттері**

48. Сақтандыру жағдайының орын алғанын, сондай-ақ оған келтірілген залалды дәлелдеу Сақтанушыға және (немесе) Пайда алушыға жүктеледі.

49. Сақтандыру жағдайының белгілері бар және/немесе салдарынан Сақтандыру жағдайының орын алуы - Кредиттік шарт бойынша міндеттемелерді орындау (тиісінше орындау) орын алуы мүмкін кез келген оқиға орын алған кезде - Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы мынаған міндетті:

- 1) ықтимал шығындардың алдын алу немесе азайту бойынша шаралар қабылдау;
- 2) осы Қағидалардың 14-тaraуында көрсетілген құжаттарды қоса алғанда, сақтандыру жағдайының басталғанын растайтын құжаттарды алу үшін шаралар қабылдау;
- 3) Сақтандыру шартында айқындалған мерзімде Сақтандырушиға хабарламаның жөнелтілген күнін айқындауға мүмкіндік беретін тәсілмен Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары Сақтандыру жағдайының басталуы болуы мүмкін кез келген оқиға туралы хабарлау, Сақтандырушины істің барлық жайттарға қатысты қажетті ақпаратпен

және құжаттамамен, атап айтқанда, осы оқиғаға тартылған тұлғалардың, оның ішінде талапкерлердің аттарын, атаулары мен мекенжайларын қоса алғанда, осы оқиғаға байланысты алынған ақпаратпен, құжаттармен қамтамасыз ету;

4) дауды сотта реттеу кезінде сот шешім шығарғанға дейін Сақтандырушының іске «дербес талаптарды мәлімдемейтін Үшінші тұлға» ретінде қатысу құқығына кедергі келтірмеу, сондай-ақ сот алдында Сақтандырушыны іске «дербес талаптарды мәлімдемейтін Үшінші тұлға» ретінде қатыстыру туралы өтініш жасау;

5) сот талқылауына дейін және оның барысында Сақтандырушының алдын ала келісімінсіз қандай да бір іс-әрекет жасамау, қаралатын істің мәні бойынша сақтандыру объектісіне қатысты мәлімдеме жасамау.

50. Сақтандырушыны Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабардар етпеу, егер Сақтандырушының Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы уақтылы білгені немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның Сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмағаны дәлелденбесе Сақтандыру төлемінен бас тарту құқығын береді.

51. Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы, егер ол Сақтанушының және (немесе) пайда алушының еркіне байланысты болмаса немесе сақтандыру шартымен дәлелді себептерге байланысты себептерге байланысты болса және осы фактіні растайтын тиісті құжаттар ұсынылған болса, сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту үшін негіз болып табылмайды.

52. Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы Сақтандырушының мұдделеріне қарсы бағытталған іс-әрекеттерді жасамауга, сондай-ақ: Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз қандай да бір міндеттемелерді қабылдамауга, жауапкершілікті мойынданамауга, қандай да бір ұсыныстарды қабылдамауга, осы Сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір ымыралы төлемдерді жүргізбеуге міндетті.

53. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған жағдайда пайда алушы Сақтандырушының мұдделеріне қарсы бағытталған әрекеттерді жасамауга және сақтандыру шартына сәйкес қабылданған міндеттемелерді тиісінше орындауға міндетті.

#### **14-тарау. Сақтандыру жағдайының басталуын және шығындар көлемін растайтын құжаттардың тізбесі**

54. Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы Сақтандырушыға Сақтандыру төлемі туралы талапты тиісті талапты негіздейтін құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда береді.

55. Нәтижесінде залал келтірілген сақтандыру жағдайының туындау фактісі мен себебі Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы ұсынатын мынадай құжаттармен расталуы тиіс:

56. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығындар мөлшерін растайтын құжаттар:

1) Сақтандырушының корпоративтік Интернет-ресурсында орналастырылған нысанға сәйкес сақтандыру жағдайы туралы өтініш;

2) өкілге мұдделерді білдіруге сенімхат;

3) Сақтандыру шартының көшірмесі;

4) кепілдік беру туралы шарттың көшірмесі;

5) кепілдік көшірмесі;

6) келісімшарттың көшірмесі;

7) кепілдік беру туралы шарттың талаптарына сәйкес Сақтанушының кепілдік бойынша төлеген сомасын өтеу (төлеу) қажеттілігі туралы, кепілдік шарттарында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, пайда алушының сақтанушыға жазбаша талабының (хабарламасының) түпнұсқасы/көшірмесі;

8) кепілдік беру туралы шарт бойынша сақтанушының қолда бар міндеттемелерінің, оның ішінде мерзімі өткен міндеттемелерінің болуы және толық жазылуы туралы Пайда алушының анықтамасы;

9) Сақтандырушиның тиісті талабы болған кезде кредиттік досыеден алынған материалдардың көшірмелері/нотариалды қуәландырылған көшірмелері. Бұл ретте Сақтандыруши Сақтандыру жағдайының орын алуы туралы өтінішті қарау үшін сақтандырушиның пікірі бойынша қажетті құжаттардың белгілі бір тізбесін ұсынуы тиіс;

10) Кепілдік бойынша Бенефициардың шығарылған талабының ықтимал себептері жазылған, шығын көлемінің есебі қоса берілген және сақтандыру төлемін төлеу үшін Пайда алушының банктік деректемелері көрсетілген Пайда алушының хаты;

11) кепілдік бойынша бенефициардың талабы бойынша жүзеге асырылған ақша аударымын растайтын құжат;

12) кепіл, кепілге салу, кепілдік, кепілгерлік шарттарының және Кепілдік беру шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын өзге де шарттардың көшірмесі (бар болса);

13) талап арызының көшірмесі (бар болса);

14) Пайда алушының талап арызы бойынша азаматтық іс қозғау туралы, Сақтанушыдан Кепілдік беру шарты бойынша берешек сомасын (бар болса) өндіріп алу туралы соттың ұйғарымының түпнұсқасы/көшірмесі;

15) Сақтанушының Банктік кепілдік беру шарты берешек сомасын өндіріп алу туралы сот шешімінің түпнұсқасы (бар болса);

16) Залалдың себебі мен көлемін растайтын өзге де құжаттар.

57. Сақтандыру жағдайы туралы актіні Сақтандыруши немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасайды. Егер Сақтандыру жағдайы туралы өтінішті тексеру кезінде Пайда алушыға Залал келтіру сақтандыру оқиғасы нәтижесінде болмағаны анықталса, Сақтандыру жағдайы туралы акт жасалмайды. Бұл жағдайда Сақтандыруши Сақтандыру жағдайы туралы акт жасаудың мүмкін еместігінің себептері көрсетілетін еркін нысандағы құжат жасайды.

## **15-тaraу. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі мен шарттары**

58. Сақтанушыдан Сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы жазбаша өтініш алғаннан кейін, сондай-ақ Қағидалардың 14-тaraуында көрсетілген құжаттарды ұсынғаннан кейін Сақтандыруши Сақтандыру шартында айқындалған мерзім ішінде мынадай іс-эрекеттерді жүзеге асырады:

1) Сақтандыру жағдайының орын алу немесе Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алу фактісін анықтайды;

2) пайда алушының өтінішінде келтірілген мәліметтердің дұрыстығын тексереді;

3) оқиғаның орын алу фактісі мен себептерін анықтайды;

4) оқиға Сақтандыру жағдайы болып танылған кезде Сақтандыру төлемінің көлемін айқындауды және Сақтандыру жағдайы туралы акт жасайды.

59. Сақтандыру төлемін сақтандыруши сақтандыру жағдайы туралы өтініштің, сақтанушы және (немесе) пайда алушы ұсынған басқа да құжаттар мен сақтандыру жағдайы туралы актінің негізінде жүргізеді.

60. Сақтандыру төлемі Шартсыз франшизаны ескере отырып, Сақтандыру жағдайының нәтижесінде Пайда алушы шеккен залал мөлшерінде жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемінің көлемі былайша есептеледі:

Сақтандыру сомасы шегіндегі Сақтандыру төлемі = Залал - Шартсыз франшиза.

61. Берешекті өндіріп алу және залалдарды өтеу жөніндегі шығыстарды Сақтандыруши мен Пайда алушы арасында бөлу тәртібі жеке келісімде айқындалады.

62. Сақтандыруши Пайда алушының ықтимал шығындарды азайту үшін ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қасақана қабылдамауы салдарынан туындаған шығындар бөлігінде сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

63. Егер Шарт тараптарының келісімінде өзгеше көзделмесе, Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

64. Шығын сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне кепілдік беру туралы шарт бойынша берешекті өтеу бойынша сақтанушының пайда алушы алдындағы орындалмаған міндеттемесінің мөлшерінде, бірақ пайда алушы төлеген кепілдік сомасының мөлшерінен аспайтын мөлшерде айқындалады.

65. Пайда алушының залалды болдырмау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстары, егер мұндай шығыстар қажет болса немесе тиісті шаралар сәтсіз болса, алайда Сақтандырушымен алдын ала келісілген болса, Сақтандырушының өтеуіне жатады. Мұндай шығыстар нақты көлемде өтеледі, алайда Сақтандыру төлемі мен шығындар өтемінің жалпы сомасы Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасынан аспайды.

66. Сақтандырушы Сақтандыру төлемі туралы немесе Сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды алғаннан кейін Күту кезеңі өткеннен кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Сақтандыру төлемі туралы немесе Сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы Сақтанушыға және (немесе) Пайда алушыға жазбаша нысанда хабарлайды. Егер Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүргізуден бас тарту туралы шешім қабылдаса, ол бас тарту себебін жазбаша түрде негіздейді.

67. Сақтандырушы Сақтанушыдан және (немесе) Пайда алушыдан Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның орын алғаны туралы хабарлама алған сәттен бастап күту кезеңі Сақтандыру шартында көрсетіледі және 120 (бір жұз жиyrма) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

68. Егер құқық қорғау органдары Пайда алушыға, Сақтанушыға немесе ол уәкілеттік берген тұлғаларға қатысты қылмыстық іс қозғаған және ол бойынша жайттарға тергеп-тексеру жүргізілген жағдайда, Сақтанушының қылмыс жасауға қатысуы дәлелденбеген кезде, Сақтанушыға ақтау үкімі шығарылған кезде тергеу жүргізу немесе алдын ала тергеу жүргізу кезеңінде қылмыстық іс тоқтағанға дейін, сондай-ақ егер көрсетілген жайттар Сақтандыру жағдайының орын алудына әкеп соқтырған жайттарға байланысты болса, Қазақстан Республикасының Қылмыстық заңнамасына сәйкес Сақтанушының іс-әрекеттерінде заңсыз әрекеттер болмағанына көрсететін басқа жайттар орын алғанға дейін Сақтандырушы Сақтандыру төлемін жүргізуі кейінге қалдыра алады. Сақтандыру төлемін кейінге қалдыру апелляциялық инстанциядағы соттар, жоғары тұрган инстанциялар төменгі инстанциядағы соттың сот актілерін қайта қараған кезде де орын алады.

69. Сақтандырушының Сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуына Сақтанушы және (немесе) Пайда алушы сот тәртібімен шағымдана алады.

70. Пайда алушыға сақтандыру төлемі сақтандыру сомасы шегінде, оның ішінде сақтандыру сомасы толық төленгенге дейін бір немесе бірнеше рет жүзеге асырылуы мүмкін, бұл ретте сақтандыру қорғаудың қолданылуы сақтандыру сомасы толық төленгенге дейін тоқтатылмайды.

71. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаданы үшін Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 353-бабына сәйкес жауапкершілік көтереді.

## 16-тарау. Сақтандыру шартын тоқтату талаптары

72. Сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін Сақтандыру шартының қолданылуы сақтандыруды қорғаудың бүкіл қолданылу кезеңі бойы жалғасады. Бұл ретте Сақтандыру сомасы жүзеге асырылған Сақтандыру төлемінің сомасына азайтылады. Сақтандыру төлемі Сақтандыру сомасының толық көлемінде жүзеге асырылған кезде Сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.

73. Шарт тараптары жеке келісім жасау арқылы Шарттың қалған қатысушылары келіскең жағдайда тараптар сақтандыру Шартын мерзімінен бұрын бұзыға құқылы.

74. Сақтандыру шарты келесі жағдайлардың бірі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылады:

- 1) сақтандыру объектісі қолданылуы тоқтатылған жағдайда;
- 2) Сақтандыру жағдайының орын алу мүмкіндігі жойылған және сақтандыру тәуекелі Сақтандыру жағдайынан басқа жағдайлар бойынша тоқтатылған жағдайда;
- 3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушуны мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің занды күшіне енген жағдайда;

**Қағидалардың 75-тармагының 4) тармақшасы Қогамның Директорлар кеңесінің 23.12. 2022 жылғы №14 шешіміне сәйкес жасылсын**

- 4) Сақтанушының сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасын) мерзімін кешіктірген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлемеуі;
- 5) заннамада көзделген өзге де жағдайларда.

Сақтандыру шарты сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде осы тармақта көзделген жайттар туындаған кезден бастап тоқтатылған болып есептеледі, бұл туралы мүдделі тарап дереу, алайда 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсына отырып, басқа тараптарды жазбаша хабардар етуге тиіс. Бұл ретте мұндай жазбаша хабарлама Сақтандыру шартының тоқтатылуу фактісін жеткілікті құжаттамалық растау болып табылады, ал Сақтандырушу сақтандыру қолданылған уақытқа барабар Сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне құқылы.

75. Сақтандыру шартының мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушуның кесірінен талаптарының орындалмауынан туындаған жағдайларда, соңғысы Сақтанушыға төлеген Сақтандыру сыйлықақысын немесе сақтандыру жарналарын толық қайтаруға міндetti.

### **17-тaraу. Суброгация**

76. Сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушуға төленген сома шегінде талап ету құқығы өтеді, оған Пайда алушы сақтандыру нәтижесінде өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға қатысты ие болады.

77. Пайда алушы Сақтандыру төлемін алған кезде Сақтандырушуға өзінде бар барлық құжаттар мен дәлелдемелерді дереу беруге және сақтандырушуның өзінен өткен талап ету құқығын жүзеге асыруы үшін қажетті барлық мәліметтерді хабарлауға міндetti.

78. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде туындаған залалды өтегу бойынша шығындарға жауапты тұлға немесе үшінші тарап жүзеге асырған өтемдер сақтандыру төлемі жүзеге асырылғаннан кейін сақтандырушуға тиесілі болады. Пайда алушы осы өтеулер туралы Сақтандырушуға дереу хабарлауға және оларды алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушуға аударуға міндetti.

79. Егер Пайда алушы Сақтандырушу өтеген залалдар үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартса немесе Пайда алушының кесірінен осы құқықты жүзеге асыру мүмкін болмаса, Сақтандырушу Сақтандыру төлемін толық немесе тиісті бөлігінде төлеуден босатылады және артық төленген соманы қайтаруды талап етуге құқылы.

### **18-тaraу. Қосымша шарттар**

80. Тараптардың келісімі бойынша осы Қағидаларға сәйкес жасалатын Сақтандыру шартына ерекше талаптар (сақтандыру ескертулері, үйғарымдар, ерекшеліктер және т.б.) енгізілуі мүмкін.

81. Сақтандыру шартына енгізілген барлық өзгерістер мен толықтырулардың оларды жазбаша ресімдеген және тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда занды күші болады.

### **19-тaraу. Дауларды шешу тәртібі**

82. Осы Қағидалардың негізінде жасалған Сақтандыру шартынан туындайтын дауларды тараптар тікелей келіссөздер жолымен қарайды.

83. Сақтандыру шартының тараптары дауды келіссөздер арқылы шешпеген кезде сот органдарына жүгінгенге дейін туындаған келіспеушіліктің себептерін негіздей отырып, екінші тарапқа жазбаша шагым жіберуге міндетті.

84. Шагым екі апта мерзімде қаралуға тиіс.

85. Егер наразылық толық немесе ішінара қабылданбаған немесе Қағидалардың 84-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін наразылыққа жауап алынбаған жағдайда, тарап Сақтандырушы кеңесесінің нақты орналасқан жерінің соттылығы бойынша сотқа жүгінуге құқылы.